


**МЕДИЦИНАЛЫҚ-
СТАТИСТИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАР.
АЛМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ-XX-
ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ ХАРТИЯСЫ**



Әлеуметтік
мединалық
зерттеулерде
қолданылатын
негізгі әдістер

- ◎ Статистикалық;
- ◎ Тарихи;
- ◎ Сараптамалық;
- ◎ Экономикалық;
- ◎ Эксперименттік.

СТАТИСТИКА-ҚОҒАМДЫҚ
ҒАЛЫМ, ОЛ ҚОҒАМДЫҚ
ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ САНДЫҚ ЖӘНЕ
САПАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ӨЗАРА
БАЙЛАНЫСЫН ЗЕРТТЕЙДІ.
СТАТИСТИКАНЫҢ САЛАЛАРЫ ӨТЕ
КӨП. МЫСАЛЫ ӨНЕРКӘСІП,
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ
СТАТИСТИКАСЫ, Т.Б

**Медициналы
қ-
статистика**



**Халық
денсаулығының
статистикасы**




**Денсаулық
сақтау ісінің
статистикасы**

МЕДИЦИНАЛЫҚ СТАТИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

- **Халық денсаулығының өзгерушілігінің ерекшеліктерін анықтау және оған әсер ететін факторларды табу;**
- **Емдеу-сауықтыру мекемелерінің санын, жұмысының нәтижелерін, емдеу-сауықтыру мекемелерінің тиімділігін, дәрігерлердің және басқа медицина қызметкерлерінің жұмысын зерттеу;**
- **Тәжірибелік, клиникалық, гигиеналық және лабораториялық жұмыстардың нәтижелерін анықтау;**

СТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ



СТАТИСТИКАЛЫҚ

ЖИЫНТЫҚ - БЕЛГІЛІ БІР КЕҢІСТІКТЕ ЖӘНЕ УАҚЫТ АРАЛЫҒЫНДА АЛЫНҒАН, САПАСЫ ЖАҒЫНАН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ БІР КЕЛКІ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ТОБЫ. ЖАЛПЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ КӨП КҮШ ПЕН УАҚЫТ, МОЛ ҚАРАЖАТ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ. СОНДЫҚТАН СТАТИСТИКАДАҒЫ ҮЛКЕН САНДАР ЗАҢЫНА СӘЙКЕС ІРІКТЕЛГЕН НЕМЕСЕ ТАҢДАМАЛЫ ЖИЫНТЫҚ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗІП, НӘТИЖЕГЕЛЕРГЕ ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ.

СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ



**Статистикалы
қ жиынтық**

СТАТИСТИКАЛЫҚ
ЖИЫНТЫҚ БАҚЫЛАУ
БІРЛІКТЕРІНЕН ТҰРАДЫ, ОЛАРДЫ
АРНАЙЫ ӘДІСПЕН
ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. ӘРБІР
БАҚЫЛАУ БІРЛІГІНІҢ БІРНЕШЕ
БЕЛГІЛЕРІ БОЛАДЫ, АЛАЙДА
ТІРКЕУГЕ ТЕК ҚАНА ЗЕРТТЕУДІҢ
МАҚСАТЫНА ЖЕТУГЕ ҚАЖЕТТІ
БЕЛГІЛЕРІ ҒАНА АЛЫНАДЫ.

СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ

Атрибутивтік.
Мысалы;
жынысы,
аурудың түрі,
емделу нәтижесі,
кәсібі


Сандық.
Мысалы; бойдың
ұзындығы,
салмағы, емделу
ұзақтығы

**Тіркелінетін
белгілер**

```
graph TD; A[Атрибутивтік. Мысалы; жынысы, аурудың түрі, емделу нәтижесі, кәсібі] --> C((Тіркелінетін белгілер)); B[Сандық. Мысалы; бойдың ұзындығы, салмағы, емделу ұзақтығы] --> C;
```

**ӘРБІР САНДЫҚ БЕЛГІЛЕР
МӨЛШЕРІН “ВАРИАНТА”ДЕЙДІ
ДЕ, “V” ӘРІШІМЕН БЕЛГІЛЕЙДІ.
ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗІЛГЕНДЕ
ДӘРІГЕР ЗЕРТТЕЛЕТІН ҚҰБЫЛЫСҚА
ӘРТҮРЛІ БЕЛГІЛЕРДІҢ ӘСЕРІН
АНЫҚТАУЫ ҚАЖЕТ. СОНДЫҚТАН ДА
БЕЛГІЛЕРДІ ФАКТОРЛЫҚ ЖӘНЕ
НӘТИЖЕЛІК ДЕП БӨЛЕДІ.**

СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖИЫНТЫҚТЫҢ НЫШАНДАРЫ



СТАТИСТИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕР

Кестелердің аталуы
оның толық
мазмұнын қамтиды

және
метод
түрлі
нақты

Статистикалық
бастауыш

және
орын
қала
түрлі

Статистикалық
баяндауыш

және
және
және
және
және

МЕДИКО-СТАТИСТИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ (СТАЖ) ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БІРЫҢҒАЙ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. СТАЖ –І ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫНА ЖҮГІНГЕН ПАЦИЕНТ ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ КЕЙІПТЕУ АҚПАРАТТАРЫН ЖИНАУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ МІНДЕТТЕРІН, ТАБЫЛҒАН АУРУ, ОСЫ ПАЦИЕНТКЕ КӨРСЕТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ, ӨТКІЗІЛГЕН ЕМДЕУ-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ШАРАЛАР, МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДА ПАЦИЕНТТІ ЕМДЕУ ПРОЦЕССІНДЕ ТІКЕЛЕЙ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ ТҰТЫНЫЛҒАН ЕМДІК ҚҰРАЛДАР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШЕДІ; АЛДЫН АЛА ЕМДЕУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫНА ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГТІ ҚОЛДАЙДЫ.

СТАЖ НЕГІЗІ КЕЙШТЕУ ДЕРЕКТЕРІ ЖИЫНЫНАН ТҰРАДЫ:

- МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ХАЛЫҚТЫ БЕКІТУ ТУРАЛЫ;
- ПАЦИЕНТТЕР ТУРАЛЫ;
- ОЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫНА ЖҮГІНУІ;
- ТАБЫЛҒАН НАУҚАС;
- МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ;
- ЕМДЕУ-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ШАРАЛАРЫН ӨТКІЗУ;
- МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПРОЦЕССІНДЕ ЕМДІК ҚҰРАЛДАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

АЛМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ХХ- ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ ХАРТИЯСЫ



**ОСЫДАН 30 ЖЫЛ БҰРЫН ӘСЕМ ДЕ АРУ
ҚАЛА АЛМАТЫДА АЙТУЛЫ ЖИЫН ӨТТІ.
ОҒАН ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ӘРТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕГІ
134 МЕМЛЕКЕТІНЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛЕРІ, ӨКІЛ-ЖЕТЕКШІЛЕРІ, БҰҰ-
НЫҢ 12 МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
МЕКЕМЕСІНІҢ ЖӘНЕ 49 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ
БАСШЫЛАРЫ – БАРЛЫҒЫ МЫҢНАН АСА
ДЕЛЕГАТ ҚАТЫСЫП, БҮКІЛ ҒАЛАМШАР
НАЗАРЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСТАНАСЫ
АЛМАТЫҒА АУДЫ. ОНДА ӘЛЕМДІК
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ ТАРИХЫНДА
ТҰҢҒЫШ РЕТ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ
ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ БАРЛЫҚ ЕЛІНІҢ КЕЗ
КЕЛГЕН ӨКІЛІ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛУЫН
МАҚСАТ ТҰТҚАН АЛҒАШҚЫ МАҢЫЗДЫ
ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАНҒАНДЫ.**

***БДҰ МЕН БҰҰБҚ-НЫҢ АЛМАТЫ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА
ӨТУІНЕ ҰЙЫТҚЫ, ӘРІ
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ БОЛУМЕН ҚАТАР,
ОНЫ ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ ӨТКІЗУГЕ
ӨЗІНДІК ҮЛЕС ҚОСҚАН БҮГІНДЕ ҚР
МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ БДҰ-НЫҢ ЕҢ
ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕЛІ НАГРАДАСЫ –
ЛЕОН БЕРНАРД АТЫНДАҒЫ
СЫЙЛЫҚТАРЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ,
ҚАЗАҚСТАН ҰҒА МЕН РЕСЕЙ МҒА
АКАДЕМИГІ, ҚАЗАҚ ТАҒАМТАНУ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ -
ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНОВ***

*ҚАЗАҚСТАН ҰҒА МЕН РЕСЕЙ МҒА
АКАДЕМИГІ, ҚАЗАҚ ТАҒАМТАНУ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ - **ТӨРЕГЕЛДІ
ШАРМАНОВ***



**1976ЖЫЛЫ КЕҢЕС РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛЕРІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ
КСРО-НЫҢ СОЛ КЕЗДЕГІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЫ Б.В.ПЕТРОВСКИЙ КӨП ЖЫЛҒЫ АЙТЫСТАН
КЕЙІН ТАЯУ УАҚЫТТА ӨТКЕН БДҰ БАС
АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ СЕССИЯСЫНДА КСРО
АЙМАҒЫНДА 1978 ЖЫЛЫ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-
САНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТКІЗУГЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНҒАНЫ
ЖӨНІНДЕ РЕСМИ МАҒЛҰМАТ БЕРДІ. ФОРУМ АУҚЫМЫ
ЖАҒЫНАН ОРАСАН ЗОР, АЛ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ
ЖАҒЫНАН ТЕҢДЕСІ ЖОҚ БОЛЫП
ЖОСПАРЛАНҒАНДЫҚТАН ЖӘНЕ БДҰ ТАРИХЫНДАҒЫ
АЛҒАШҚЫ ОҚИҒА БОЛАТЫНДЫҚТАН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАУЫМДАСТЫҚ ОНЫҢ ӨТКІЗУ ОРНЫН ТАҢДАУДЫҢ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН КСРО ҮКІМЕТІНЕ
ТАПСЫРЫЛЫПТЫ.**

КІШІ КОНФЕРЕНЦІЯ ЗАЛЫНДА



МИНИСТР: “ОСЫҒАН ОРАЙ КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ӨТКІЗУГЕ ЕҢ ҚОЛАЙЛЫ ОРЫН ДЕП ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫ ТАҢДАЛДЫ”, – ДЕП МӘЛІМДЕДІ. МӘЖІЛІСТЕН СОҢ Б.В.ПЕТРОВСКИЙГЕ ЖОЛЫҒЫП, “ОСЫ ШЕШІМ ТҮПКІЛІКТІ ЕМЕС ШЫҒАР, ЕГЕР ШЕШІМ ӨЗГЕРЕР БОЛСА, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫН ҮМІТКЕРЛЕР САНАТЫНА ҚОСУЫН” ӨТІНДІМ. МИНИСТР ӨЗІНІҢ ТАҢҒАЛҒАНЫН ЖАСЫРА АЛМАЙ: “БҰЛ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША АЛМАТЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖАҒЫНАН ЕЛДІҢ ШЫҒЫСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛҒАН ТАШКЕНТПЕН ТЕҢ КЕЛЕ АЛМАЙТЫНДЫҒЫ ТҮСІНІКСІЗ БЕ?” ДЕГЕНІ. МЕН ДЕ СОНДАЙ РЕСПУБЛИКАНЫҢ БІРІНІҢ МИНИСТРІ БОЛҒАНДЫҚТАН, ОЛ КІСІНІҢ СӨЗІ ҚАТТЫ НАМЫСЫМА ТИП, ОНЫҢ ПІКІРІМЕН КЕЛІСПЕЙТІНІМДІ АЙТЫП, СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МЕКТЕП БӨЛІМІ МЕНДЕРУШІСІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ В.А.БАЛТИЙСКИЙГЕ ОСЫ САУАЛДЫ ҚОЙДЫМ. ОЛ: “НЕГЕ БОЛМАСҚА, ТЫРЫСЫП КӨР. АЛАЙДА, БҰЛ ҮШІН ӨЗДЕРІҢІЗДІҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ КЕЛІСІМІН АЛУ КЕРЕК, ЕГЕР ҚОНАЕВТАН ҚОЛДАУ ТАПСАҢ, МҮЛДЕ ЖАҚСЫ БОЛАР ЕДІ”, ДЕП ЖАУАП БЕРГЕНДІ.

ҚР НЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВ АЛМАТЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА



АЛМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ- XX ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ ХАРТИЯСЫ



АЛМАТЫҒА ОРАЛҒАН СОҢ АЛДЫМЕН ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ИДЕОЛОГИЯ ЖӨНІНДЕГІ ХАТШЫСЫ САТТАР ИМАШЕВҚА ЖАҒДАЙДЫ БАЯНДАДЫМ. МЕНІҢ ӘНГІМЕМДІ ТЫҢДАДЫ ДА: “БІЗГЕ ОНЫҢ НЕ ҚАЖЕТІ БАР? БҰЛ ТЫҢШЫЛЫҚ ҰЙЫМ. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ТАШКЕНТТЕ ӨТКІЗЕ БЕРСІН”, ДЕДІ. СОДАН БОЛМАЙ ДИМЕКЕҢЕ КІРІП: “НЕГЕ ОСЫНДАЙ ЖИЫНДЫ ҚАЗАҚСТАНДА ӨТКІЗБЕСКЕ? ОНЫҢ ҮСТІНЕ СІЗ СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕСІСІЗ, АЛ РАШИДОВ БОЛСА КАНДИДАТ. СОНДА АЛМАТЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТАШКЕНТТЕН ТӨМЕН БОЛҒАНЫ МА?” ДЕДІМ. ҮЛКЕН КІСІ СӨЗІМДІ ҚОШТАП, СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНА ХАТ ДАЙЫНДАДЫМҮРЕЙ ДЕ ЖОҚ ЕМЕС. ШЫНЫНДА ДА, КОНФЕРЕНЦИЯҒА ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ АЛПАУЫТТАРЫ КЕЛЕ ЖАТТЫ. 134 ЕЛДЕН МЫҢҒА ЖУЫҚ ДЕЛЕГАТ!

БДҰ МЕН БҰҰБҚ-НЫҢ АЛМАТЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА



АЛМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫНАН KEЙІН ТАРИХТА ТҰҢҒЫШ РЕТ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ЕҢ ҚЫМБАТ ҚҰНДЫЛЫҚ – АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚҰҚЫҚТЫЛЫҒЫН БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР МОЙЫНДАДЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІ БАҒЫТЫН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТТІ. ШЫН МӘНІНДЕ, 1978 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕГІ БІЗДЕН АЛЫСТАҒАН САЙЫН ӘЛЕМДІК ҮЛКЕН ТОЛҚУЛАР ӘКЕЛГЕН БДҰ МЕН БҰҰБҚ-НЫҢ АЛМАТЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ШЕШІМІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ АРТЫП, ОСЫ ФОРУМДА НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ҚАҒИДАЛАРЫ ОНДАҒАН ЖЫЛДАР БОЙЫ “ДЕНСАУЛЫҚ – БАРШАҒА” МАҚСАТЫНА ЖЕТУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАДЫ. СОНДАЙ-АҚ АТАЛМЫШ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛЫНДА БДҰ/БҰҰБҚ ҮЛКЕН ТӘЖІРИБЕ ЖИНАҚТАДЫ. ҚОРЫТА АЙТҚАНДА, 30 ЖЫЛДЫ АРТҚА САЛЫП, ҒАЛАМДЫҚ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРДЫ, КЕҢЕСТІК НҰСҚАУЛАР МЕН ІС-ӘРЕКЕТ ЖОСПАРЫН ЖАСАУДА АТАУЛЫ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТКЕН БДҰ МЕН БҰҰБҚ АЛМАТЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ЖЕРГІЛІКТІ ДЕҢГЕЙДЕ ІС-ӘРЕКЕТ КЕМІСТІКТЕРІН АНЫҚТАУДА ЖӘНЕ ДЕ ОЛАРҒА АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ ҚАУЫМДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ СТРАТЕГИЯ МЕН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ НЫҚ ҮЙЛЕСТІРІЛГЕН ЖОСПАРЫН АЙҚЫНДАП БЕРЕ БАСТАДЫ

КОНФЕРЕНЦИЯДАҒЫ ДЕЛЕГАТТАР



ОЛАР АСМК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ДАМУЫНЫҢ ӨРБИ ТҮСУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТТІ ЖӘНЕ БІРНЕШЕ ЖАҢА ТҮБЕГЕЙЛІ ЕРЕЖЕЛЕР ҰСЫНДЫ. МӘСЕЛЕН, БІРІНШІДЕН, ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАС ПЕН ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСКЕ БАҒЫТТАЛҒАН СЕРІКТЕСТІК, ЕКІНШІДЕН, ЕШҚАНДАЙ АРТЫҚШЫЛЫҚСЫЗ ӘДІЛЕТТІЛІК ҮШІН АРНАЙЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗУГЕ КҮШ САЛУ, ҮШІНШІДЕН, МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫ МЕН ТИІМДІЛІГІН ҚАЙТА АРТТЫРУҒА ТЫРЫСУ, ТӨРТІНШІДЕН, БАСЫМДЫҚТАР ТАҢДАУ. 30 ЖЫЛ БОЙЫ ОСЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТӨҢІРЕГІНДЕ БІРЛЕСІП ЖҰМЫС АТҚАРҒАН БДҰ МЕН БҰҰБҚ МАҢЫЗДЫ ПРОГРЕСТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ. ОНЫ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫНЫҢ АЙТҚАН ҚАНАТТЫ СӨЗІМЕН АЙШЫҚТАСАҚ, “ӘЛЕМНІҢ ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНЕ ДӨП ТИДІ”. СОНЫМЕН ҚАТАР, БҰҰ ӨЗІНІҢ МЫҢЖЫЛДЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫНДАҒЫ АДАМ ДАМУЫНЫҢ ЕҢ БАСТЫ 10 БАСЫМДЫҒЫНЫҢ АЛТАУЫН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІНЕ АРНАҒАНЫН АЙТУ ДА ЖЕТКІЛІКТІ.

АЛМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ



**АЛМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИДЕЯСЫНЫҢ
КЕЙБІР ҚАҒИДАЛАРЫ ТИЯНАҚТЫ ТҮРДЕ ҚАЙТА ТАЛҚЫЛА
НЫП, КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. МӘСЕЛЕН,
БРАЗИЛИЯ ПАРЛАМЕНТІ ӨЗ КОНСТИТУЦИЯСЫНА АЛМАТЫ
ДЕКЛАРАЦИЯСЫНЫҢ АТЫМЕН АТАЛҒАН ҚАҒИДАТТАРЫ
НЕГІЗІНДЕ, АЗАМАТТАРДЫҢ КЕПІЛДЕНГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ
КӨМЕК АЛУ МҮМКІНДІГІ ТУРАЛЫ АРНАЙЫ ТАРМАҚ
ЕНГІЗДІ. 2002 ЖЫЛҒЫ МАМЫР АЙЫНДА БДҰ ЖАРИЯЛАҒАН
ЖОБАДА, ӨЛІМНІҢ 60 ПАЙЫЗЫ ТАҒАМДЫ САЛАУАТТЫ
ТҮРДЕ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНБАУДЫҢ ТІКЕЛЕЙ ӘСЕРІНЕН
ДЕГЕН ТҰЖЫРЫМҒА КЕЛДІ.**

**ҚОРЫТА АЙТСАҚ, АДАМЗАТ ТАРИХЫН ИСА
ПАЙҒАМБАРДЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ
ДӘУІРГЕ БӨЛЕТІНІ СЕКІЛДІ, ҒАЛАМШАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ АЛМАТЫ
ДЕКЛАРАЦИЯСЫНА ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢ
БОЛЫП БӨЛІНЕДІ. СОНДЫҚТАН ДА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК
ЖӨНІНДЕГІ АЛМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
ІСІНІҢ ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛЫ ХАРТИЯСЫ ДЕП ТАНЫЛДЫ.**





**ҚАЗАҚСТАН ҰҒА МЕН РЕСЕЙ МҒА АКАДЕМИГІ,
ҚАЗАҚ ТАҒАМТАНУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ -
ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНОВ 80- ЖАСТА**

